

ideas of that time and their place in the cults and ceremonies which positively influence the development of cattle-breeding.

In the article development of zoolatry cults is described using archeological and ethnographic materials.

С. Джакубаева

ИСЛАМ РЕВОЛЮЦИЯСЫНА ДЕЙІНГІ ИРАН ҚОҒАМЫ

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижесінде болған ислам революциясы (1979-1978) Ирандағы монархияның құлауына алып келді. Осы өзгерістер иран қоғамында көптеген қарама-қайшылықтарды тудырып, олардың арасында дай-дамай туғызды. Бұл дай-дамай зайырлы реформаторлар мен мұсылман дәстүршілдерінің арасында болды. Орын алған жағдайды шешу үшін иран қоғамы осы дағдарыстан шығу жолдарын іздеді. Бұл ізденіс екі негізгі ағымды тудырды: 1) Зайырлы реформаторлар, олардың пайымдауынша, Иранға батыс үлгідегі діни және саяси реформалар қажет, және билеудің конституциялық формасына өту қажет деп есептеді. 2) Мұсылман дәстүршілдері Иранның артта қалуының себебі, ислам құндылықтарынан алшақ кетуінде деді, және дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы шарифат заңдарымен жүру керек деп есептеді. Осы мақалада жоғарыда аталған екі ағымның ішінен мұсылман дәстүршілдерінің алдыңғы қатарға шығу мәселесін қарастыруға тырыстық. Осы мәселенің бетін ашу барысында біз сол кезеңді экономикалық, идеологиялық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан қарастыруға бел будық.

Революция 1978 жылдың қаңтар айында Кум қаласында болған үкіметке қарсы көтерілісін қарулы басылуынан басталды. Марқұмдарды еске алатын 40 күннен кейін көтеріліс елдің көптеген облыстары мен аудандарын, ірі қалаларына жайылды. Шах жағдайды тыныштандыру мақсатымен, 1978 ж. әскери кабинеттің орнына белгілі либерал саясаткер Ш.Бахтиярды тағайындады. Бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды, шииттік дін басылар бұл әрекетті халыққа қарсы істелген әрекет деп түсінді. 1979 ж. 14 жылдық қуғын-сүргіннен кейін белгілі ислам ойшылы, фундаменталист аятолла Хомейни елге оралады. Оның басқаруымен көтеріліс бірнеше аптаның ішінде алыс жатқан ауылдарға да жетті. Ислам революция 1979 ж. желтоқсан айында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде аяқталды, жоба алдыңғы қатарлы мұсылман жақтаушыларымен дайындалды, сондықтан теократиялық сипатқа ие болды /3, 386-387/.

Тарихшылар Ислам революциясына келесі классификация береді: сипаты мен қозғаушы күшіне қарай – жалпыхалықтық, бағытталуына

қарай - антимонархиялық, антиимпериалистік, антиамерикандық, әлеуметтік болмысына қарай – буржуаздық, дінбасылардың басқару рөлі мен идеологиялық негізіне қарай - діни болды.

Әрине, әрбір тарихи оқиғаны қарастырғанда, осы оқиғаның болуына себепші болған қоғамдағы өзгерістерге, алғышарттарға шолу жасаған жөн.

Екі соғыстың аралығында (20 және 30 жылдары) 1925 жылғы әскери төңкеріс нәтижесінде билік басына келген, Иранның жаңа билеушілерінің экономикалық саясаты мемлекеттік-монополистік капитализм мен сауда-саттық национализм концепциясының төңірегінде құрылды. Осы кезеңнің экономикалық моделінің айрықша белгісі – жоспарлы экономика болды. Кейінірек экономиканың өсуіне әскери жағдай да жанама түрде септігін тигізді: Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде, Иранға советтік-британдық контингенттің кіруі нәтижесінде жергілікті өнімдерге сұраныс күрт өсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жаңа Пехлеви шах, әкесінің орнына отырып, саяси қарсыластарын жойған соң, елді жүйелі модернизациялау кампаниясын бастайды. Алайда, бұл, ең алдымен, мұнай-кен орындарынан түскен табысты жекеменшіктеуге талас – тартыстардың басталуына алып келді. Алғашында батыс мұнай корпорацияларымен бақталас Иран үшін сәтсіз болды, бірақ кейінірек энергетикалық сферадағы бәсекелестері Ұлыбритания мен АҚШ-ты артта қалдырып, Иран жағдайды өз үлесіне қарай өзгертіп алды. 1953 жылы болған төңкеріс американдық компаниялардың әсерін түпкілікті күшейтіп, Ирандық басқару орындары жаңа мұнай консорциум құру барысында, басқару және қаржылық жағынан әжеп-теуір жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді.

Шах «Ақ революция» атымен мәлім реформалар жиынтығын енгізді. Бұл реформада ең алдымен, Иранның әлеуметтік – экономикалық инфрақұрылымын модернизациялау үшін бірқатар бағдарламалар қамтылды. Елуінші жылдары жердің 90% шахтың, жоғарғы діни басқарушылардың иелігінде болды, олар жалпы халық санының шамамен 1% құрады. Жұмысшы табының саны да аз болды – мемлекеттегі халық саны 18,3 млн. адам болса, оның тек 3 млн. ғана

қалада тұрды, ал қала тұрғындарының 20% кәсіпшілер болды. Сәйкесінше, «Ақ революцияның» технократиялық көшбасшылары ауылды жердегі жартылай феодалдық қатынастарды жойып, Иранның өнеркәсіптік және ғылыми – техникалық салаларын өсіру арқылы, Иранды әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялауды көздеді. Олар Иранды ғасырдың аяғында «әлемдегі бесінші индустриалды державаға» айналдырғысы келді, осы мақсатқа жету үшін олар ұлттық өндіріс комплекстерін дамытып, жеке кәсіпкерлікті белсендендіру керек деп есептеді /3, 376-377/. Осы жолда шахтық үкімет елеулі жетістіктерге жетті: 1967-1977 жж. ЖІӨ шамамен 10% көтерілді, ал адам басына шаққандағы ұлттық табыс шамамен 5 есе өсті. Экономиканы қайта форматтау бағыты тек мұнай өндірісінен түскен табыстың прогрессивті өсуінің ғана арқасында болғанын айта кету керек. 1972 жылы иран қазынасына энерготасымалдаушыларды сатудан түскен табыс 1950 жылмен салыстырғанда 40 есеге артық болды; 1972 жылдан 1977 жылға дейін ғана Иранға 90 млрд. доллардан астам қаржы келді. Алайда осындай экономикалық жетістіктерге қол жеткізгенімен, қарапайым халықтың халі мүшкіл еді. Мұнайдан түскен қаржыны билік басындағылар мен жоғарғы тап өкілдері иеленіп алып, өздері ғана байыды, осы жағдай халық арасында наразылықтың күшеюінің бірінші себебі. Осыған дәлел, 1971 ж. парсы монархиясының 2500 жылдық мерейтойы Персеполисте өтті. Осы мерейтойға тек шетел қонақтары арнайы шақырылды, үкімет басшылар бір тоннадан астам уылдырық дайындады. Халықтың арасында наразылық тудырған жайт, тура осы кезде Систанда, Белуджистанда, және Фарста (мерейтой болған жер) қатты қуаңшылық болып, ашаршылық қауіпі төніп тұрды. Екіншіден, 1973 ж. дағдарыстан кейін орын алған мұнай төңірегіндегі шу, бұған дейін болмаған инфляцияның себепкері болды. Осыған қарамастан, Иранға американдық мұнай өндіру құрылғыларын ендіру мақсатымен, он мыңнан астам шетел мамандары шақырылды. Үшіншіден, мемлекет аппаратындағы жемқорлықтың шарықтауы да қоғамдағы революциялық көңіл-күйдің етек алуының себебі болды /2, 220/.

Ал, осы кезеңдегі саяси жағдайға келетін болсақ, шах Иранды толығымен батыстандыру саясатын жүргізді. Әуелі 1976 жылы ирандық дәстүрлі календарды да ауыстырды, енді жыл санауы Ұлы Кирдің таққа отырған күнінен басталды. Сыртқы саясатында ол АҚШ-қа толығымен еліктеді, осылайша Иран ислам мемлекеттерінің арасында Израильді қолдайтын жалғыз мемлекет болды. Шах Чад, Сомали мен Оман-

дағы проамерикандық режимді қолдады /5, 23-31/. Монархияға қарсыласуға тиым салынды, қарсы шыққандарды САВАК арнайы қызметімен басылып отырылды /1, 356-357/. Оның қабырғасында шахқа наразы болған мыңдаған ирандық отырды. Шахтың «Ақ революциясы» иранның діни қауымының арасында да қолдау таппады. Өйткені шах дінбасыларға немқұрайлы қарады, шииттік көшбасшылармен жақсы қарым-қатынас орнатып, оларға жеңілдіктер тағайындап, өз жағына тартудың орнына, ол діни қауыммен қақтығысқа түсті. Оның ең үлкен қателіктерінің бірі- дінбасыларды негізгі табыс көзінен айыруы, яғни олардың жерлерін, вакуфтерін секуляризациялау арқылы дінбасылардың күшін әлсіреткісі келді. Дінбасылар өз кезегінде шахтың бұл қателігін ұтымды пайдаланып, соғыс ашты. Оған сылтау көп болды: Иран билеушісінің батыстандыру саясаты, оның экономикалық қателіктері, күнделікті дәстүрлі өмірдің тым тез трансформациялануы, және ислам қызметшілеріне деген қарым-қатынасы. Осылайша ислам ұраны шахтың қарсыластарының қолында болды /4, 69/. Мүмкін басқа жағдайда, бұл сондай қауіпті болмас па еді, содан елу жыл бұрын Түркияда исламға қарсы шығып, осы соғыста жеңіске жеткен Ататюркті мысалға келтірсе болады. Бірақ Ирандағы жағдай мүлдем басқа болды. Өздерінің құдіретінен айрылған сунниттік дінбасылар болмады, керісінше Ирандағы шииттік дінбасылар әлі де өз күшінде еді. Алайда Иранда сакралды билік құқығы жоқ (билеуші Аллаға сенушілерді формалды түрде басқара алмайды) катігез билеуші, құқығы жерге тапталған діни қауым, әбден қажыған қарапайым халық болды. Және заманауи өзгерістерді қажеттілік тұрғысынан түсіндіре алатын идеологияның жоқтығы да кері әсерін тигізді /1, 357/.

Шахқа қарсы тұрған сыншылардың бірі Рухолла Хомейни болды /3, 378/.

1977 жылы АҚШ-тың жаңа сайланған президенті Джими Картердің әкімшілігінің қысым жасауына байланысты, шах өз режимын сынаушыларды репрессиялауын тоқтатып, бірнеше жүз саяси тұтқындарды босатты. Иранда заңды, немесе жартылай заңды сипаттағы саяси оппозициялық топтар пайда бола бастады. Олар: конституционализмді жақтаушылар, марксизмді жақтаушылар және исламды жақтаушылар және т.б. Оппозицияның заңды қызметі иран қоғамындағы дінге қысым жасауға, жаппай кедейшілік көрінісіндегі «мемлекеттік капитализмге» наразылығын білдіруге көмектесті.

Белсенді оппозиционерлердің негізгі бөлігін қарапайым халық сенетін, үміт артатын дін басылар мен зиялылар құрады. Жалпы оппози-

ция «исламдық социализм» идеясы төңірегінде топтастырылды, ал осы идея әртүрлі саяси партияларда радикализмнің түрлі деңгейінде өзгеріп отырды.

Қоғамдағы ой-сана мен көзқарас әртүрлі болды, тіпті ислам қолдаушыларының өз арасында келіспеушіліктер аңғарылды, әр саяси топ режимді құлатқаннан кейінгі Иранның болашағын әртүрлі елестетті.

Конституционализмді жақтаушылар *Иранның ұлттық фронтын* құрды, олар демократиялық парламенттік сайлауы бар конституциялық монархия құруды қолдады.

Марксизм идеологиясына негізделген «Моджахедин-е-Халк» ұйымы нашар ұйымдасқандықтан, позицияларын ұстай алмады. Ирандағы ең ірі солшыл партия «Иранның жалпы халықтық партиясы» Совет үкіметінің қолдауымен жұмыс жасады. Солшылдар үкіметті күшпен ауыстырып, шахты қысыммен күштеп тақтан құлатуды көздеді. Революцияның жеңіске жетуінде олардың да үлесі болды, алайда антиклерикалды позициясы үшін оның мүшелері бірінші парламентке кіре алмады.

Ислам жақтаушыларының арасынан *«Тәуелсіз Иран үшін қозғалыс»* ұйымы ерекше айқындалды, оның қатарында революциядан кейінгі Иранның алғашқы премьер-министрі Мехди Базарган болды. Бұл қозғалыстың мүшелері билікті қантөгіссіз, заң жүзінде ауыстыруды жөн санады.

Хомейнидің ізбасарлары *«Күресуші дінбасылар ұйымын»* құрды. Оның құрамына Мортаза Мотахари, Мохаммад Бехешти, және Али Акбар Хашеми Рафсанджани енді, кейін революция жеңіске жеткен соң, олар жоғары мемлекет шендерге ие болды /3, 379-380/.

Революция желісіндегі осыншама саяси партиялар мен ұйымдардың арасынан ислам мемлекетін орнатушылардың алдыңғы қатарға шығуына не себеп болды деген сұрақ туындайды. Біріншіден, Иран ислам дінін қабылдағаннан кезден бастап, ислам мемлекеттің әлеуметтік және саяси өмірінде маңызды роль атқарды. 1906 ж. Реза шахтың билігі тұсында қабылданған конституцияның 5 бабына сәйкес, дінбасыларға парламентте орындар берілді, олар ислам догматтарының орындалуын қадағалап отыруға міндетті болды. Екіншіден, Хомейни қуғын-сүргінге ұшырап, шетелде өмір сүрсе де, Ирандағы ізбасарлары арқылы, мешіттер арқылы өз идеологиясын таратып отырды. Өзінің «Ислам мемлекеті» (Велайат-е факих) атты негізгі еңбегінде болашақ «Ислам республикасының» құрылымын, қандай қағидаларға сүйенетінін жазды. Оның жазған кітаптары мен аудиотаспалары контрабанда арқылы Иранға

жеткізіліп, халық арасында таратылып, мешіттерде оқылды. Шах жүргізген саясат молдаларды да революциялық күшке айналдырды /3, 378/. Қолдарынан құдірет кетсе де, дінбасылар діни ұйымдарды басқаруын жалғастырды, және мешіттерді негізгі база ретінде қолданды. Ауылдардағы халық та ислам дінбасыларын бір ауыздан қолдады. Осылайша дін саяси және ұлттық көзқарастарды қорғаушы күшке айналды. Ал, 1979 жылдың Ісәуір айында жалпы-халықтық референдум нәтижесінде Иран Ислам республикасы болып жарияланды /3, 389/.

Мемлекеттік, кооперативтік, және жекеменшік – жаңа республика экономикасының үш секторы. Батыс державаларының кірігуі мен әсері толығымен тоқтатылды. Мемлекет капитализм мен коммунизмнен толық бас тартып, оларға өзінің «исламдық даму жолын» қарама-қарсы қояды. Оның не білдіретінін әлі ешкім анық түсінбейді, мемлекеттің шах таңдап алған жолмен дамуы тоқтатылғаны ғана мәлім. Капиталистік тәуелсіз нарық пен шах құрған экономиканың ең берік мемлекет секторы да өз ғұмырын жалғастыруда. Бірақ Иран ең басында бүкіл әлемге дерлік, кейін негізгі батыс державаларына қарсы тұрды, сондықтан капиталистік даму жалғасуда деп айту да қиын. Егер ол жалғасып, белгілі бір деңгейде дамыса да, тек мемлекетке маңызды сфераларда көрініс тапты, яғни иран мұнайын реализациялау мен қару-жарақ сатып алу үшін ғана /1, 358/.

Исламды жақтаушылардың жеңіске жетуінің себебі, шахтың батысқа тым еліктеу саясатының бұрыстығы мен байлардың шалқып, кедейлердің аштан қырылу қаупі төніп тұрған кезде, қарапайым халыққа біріктіретін бір күш керек болды /3, 389/. Осы кезде шииттік дін басылардың «байлар мен кедейлер арасындағы айырмашылықты жою үшін» шах режимін тоқтату керек, шетел капиталын елден құрту керек деген түсінікті ұрандары қарқынды капиталистік модернизация мен елдің экономикалық либерализациясына үйрене алмаған қарапайым халық арасында кең қолдауға ие болды. Шииттік дін басылар Иранның бірлігі үшін күреске шақырды, 50-60 жылдары шарықтаған сепаратизмге қарсылығын білдірді. Ирандық Курдистан мен Азербайджанда иран өнеркәсібін, әсіресе мұнай-газ секторын жедел түрде ұлттандыру керек деп ұран салды.

Шетелдің интенсивті қысымы мен ел ішіндегі тұрақсыз жағдайға тап болған халық дінге жүгініп, дінді тірек қылды. Батыстың ұдайы әсеріне деген, батыстық өмір салтына деген жағымсыз қатынас революциялық энтузиазм атты отқа май құйды. Жастар ата-бабаларының дәстүріне бет бұрып, олардан өздерінің әлеу-

меттік және мәдени түп негізін табу үшін діни қайнарлар іздей бастады. Мұнай қорларымен қамтылған жаңа үкімет пен, мұнайға тойымсыз Батыс қақтығысты одан әрі күшейтті. Сонымен қатар, мұнай төңірегіндегі шу жоғарғы тапты байытып, қарапайым халыққа дейін жетпеді, дәстүрлі экономикалық және әлеуметтік болмысты бұзды. Шахтың жасырын полициясының қатігездігі де жағдайды ушықтырып жіберді.

Адамның діни сенімі зайырлы әлемде модернизациялауға кедергі келтіруі мүмкін, алайда ол әлеуметтік – экономикалық өзгерістерге де септігін тигізе алады /1, 269/. Макс Вебер діннің адамның тәртібіне, көзқарасына, құндылықтарына, ойлауына қаншалықты әсер ететінін тексеру үшін салыстырмалы анализ жасады. Ол келесі қорытындыға келді: қоғам өмірінің сыни сәттерінде дін индивидуалды мотивация көзі бола тұра, және индивид пен әлеуметтің қарым – қатынасын анықтай отырып, ірі тарихи өзгерістердің себепшісі бола алады. Діни этика әлеуметтік әрекетті механикалық тұрғыда анықтамаса да, адамның өзінің материалды және рухани қызығушылықтарын

1. Васильев Л. С. История Востока. В 2 т. Т.2: Учеб. по спец. «История». М.: Высш. шк., 1994. – 495с.
2. Robin Wright The Last Great Revolution: Turmoil And Transformation In Iran. — New York, NY: Vintage, 2000. — 384 с.
3. История Востока: В 6 т./ гл.редкол.: Р.Б.Рыбаков (пред) и др.; Ин-т востоковедения РАН. – М.: Вост.лит., 1995. Т.6: Восток в новейший период (1945-2000 гг.) / отв.ред.В.Я. Белокреницкий, В.В.Наумкин – 1095 с.:карты.
4. Агаев С.Л. Иран между прошлым и будущим. События. Люди. Идеи. –М.: Политиздат, 1987.-319 с.
5. Н.М. Мамедова и Мехди Санаи. Иран: ислам и власть.-М., Институт востоковедения РАН, Издательство «Крафт», 2002.-280с.

анықтап, оларды қалыптастыруға түрткі болады деп есептейді. Дін прогресске кедергі келтіретін, және Ирандағыдай дәстүрлі үкіметті қолдайтын күш болуы мүмкін. Алайда дін инновациялар мен рационалды экономикалық қызметке түрткі болатын әлеуметтік өзгерістердің факторы болуы да мүмкін.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, 1978-1979 жж. елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық тұрғыда әбден шиеленіскен жағдайда Ислам революциясында жеңіске жеткен ислам жақтаушылары, қарапайым халықты осы дін арқылы, оның әділ заңдары мен ақыл кеңестері арқылы өздеріне қаратты. Алайда шынайы ислам дінінің не екендігін анық түсініп, оған шын ықыласпен сенсе де, олар «исламдық даму жолы», «Ислам республикасы» деген тіркестердің мағынасын сол кезде анық түсінбеді. Олар шахты тақтан құлатып, халықты мүшкіл жағдайдан шығару мақсатымен революцияға бел буды, ал осы мақсатқа жетуге, яғни халықты бірауыздан біріктіріп, төңкеріс жасауға ислам діні мықты дінгек бола алды.

С.Б.Дружиловский. К вопросу о характере антишахской революции в Иране.

В данной статье изучаются вопросы причин выхода сторонников ислама на первые позиции. Посредством изучения экономического, политического, социального, и идеологического состояния иранского народа до исламской революции.

This article is devoted to the reasons of Islam supporters exit on the first positions by analyzing economical, political, social, and ideological conditions of Iranian people before Islamic revolution.

Қ. Ә. Жүніс

1980-90 ЖЖ. АҚШ САЯСАТКЕРЛЕРІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Бүгінгі күні бақылап тұжырымдасақ, демократиялық және республикалық әкімшіліктердің алмасуы, ішкі талас-тартыс және ықпалды саясаткерлер арасындағы кадрлық ауыстырулар, сонымен бірге Конгрестегі түрлі лоббистік топтар арасындағы күрес АҚШ-тың сыртқы саяси бағытын анықтайды. Тәжірибеде сыртқы саяси пікір белгілі бір әкімшіліктің сыртқы саяси стратегиясы және оны жүзеге асырудың арасында кері байланыс болғандықтан көп бағытты болып келеді. Көзделген жаһандық стратегия үнемі әлемде қалыптасып жатқан жағдайларға, халықаралық сахнадағы негізгі әрекет етуші

тұлғаның белсенділігіне, ал соңғы уақытта халықаралық бейберекетсіздіктің басты таратушылары-лаңкестердің іс-әрекетіне байланысты өзгертіледі.

Осыған байланысты бұл туралы жазған бірқатар американ неоконсерваторларының идеялары үлгісінде 90-жылдардың американдық геостратегиялық жоспарлауының бақылау пайдалы болып табылады. Бұл теорияның тәжірибелік жүзеге асырылуын держава мәртебесіне оның беделі мен Таяу Шығыстағы мәселелермен шешімдерінің істеріне қатысуының дәрежесі ықпал ете алатындығы туралы бірнеше мәрте